Әділет

# 2013 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

*Күшін жойған*

V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XVI сессиясының 2013 жылғы 22 мамырдағы № 118 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 маусымда N 984 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 218 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 24.04.2014 № 218 шешімімен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 Су кодексінің 38 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"(Салық кодексі) кодексінің 487 бабының 1 тармағына сәйкес V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2013 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXXX сессиясының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы «2012 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» № 493 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 913 болып тіркелген, «Алматы Ақшамы» және « Вечерний Алматы» газеттерінде 2011 жылдың 31 желтоқсанында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізілуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты депутаттық комиссиясының төрағасы С. Козловқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е. Шормановқа жүктелсін (келісім бойынша).

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін және ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XVI сессиясының төрағасы А. Моргунов*

*V сайланған Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*

**Келісілді**:

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е. Шорманов

Алматы қаласы бойынша Салық департаментінің басшысы Б. Қарымсақов

Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы А. Рахимбетов

Алматы қаласы Қаржы басқармасының басшысы А. Әбдіқадырова

Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы С. Қабдолов

Алматы қаласы әкімі аппараты заң бөлімінің басшысы А. Қасымова

V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XVI сессиясының 2013 жылғы «22» мамырдағы № 118 шешіміне қосымша

## 2013 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

| Арнайы су пайдалану түрі | | | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| Өзен-дер, көлдер, теңіз-дер | Үй-жайға пайдала-ну және коммунал-дық қызмет, ( | Өнер-кәсіп, жылу энерге-тикасын қосқанда, ( теңге/ | Ауыл-шаруашы-лығы | Су көздері-нен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашы - | Балық шаруашы-лығы, су көздері-нен балық аулайтын тұтыну- | Гидро-энерге тика, | Су транс-порты, |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| алқап-тары | теңге/1000 текше м.) | 1 0 0 0 текше м.) | (теңге/ 1 0 0 0 текше м.) | лықтары, (теңге/ 1 0 0 0 текше м.) | шылар, (теңге/ тонна) | (теңге/ 1000 кВт. сағат) | теңге/ 1000 т шақырым) |
| Балқаш және Алакөл көлде-рінің және өзен-дердің алаб-тары | 80 | 221 | 64 | 61 | 158 | 24 | 7 |

*V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XVI сессиясының төрағасы А. Моргунов*

*V сайланған Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК